

Жайсаң жалпы орта білім беретін мектебіндегі

«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару органының 2023-2024 оқу жылына арналған есебі.

Оқу жылың басында мектепшілік мектеп парламентін жасақтау үшін оқушылар арасында сайлау өткізілді. Сайлауға 5-11 класс оқушылары қатысты. Сайлауға 7 үміткер өз бағдарламаларын ұсынды. Олар: 11 «Б» класс оқушысы Чашков Дмитрий, Ералина Аружан және 11 «А» Құдайберген Ерқосай. 10 «А» класс оқушысы Нургалиева Дана, 10 «А» класс Такилова Жадыра сайлау қорытындысы бойынша ең көп 54% дауыс жинап Чашков Дмитрий «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару органының ресми президенті болып тағайындалды.



Мектеп парламентінің алғашқы отырысы қараша айында өтті. Отырыста мектеп парламентінің мүшелері яғни әр фракцияны министрлері дауысқа салынып бекітілді және жылдық жоспар құрылып сол отырысқа қабылданды. Әр фракция өз бағыттары бойынша жұмыстар жүргізді.




№	Аты-жөні	Фракция	Класы
1	Чашков Дмитрий	Парламент көшбасшысы	11 «Б»
2	Ералина Аружан	Мектеп Премьер-министрі	11 «Б»
3	Белая Ксения	Құқық және тәртіп фракциясы	10 «Б»
4	Арқабаев Дастан	Спорт және салауатты өмір салты фракциясы	11 «Б»
5	Тукешев Ержан	Қамқорлық кеңесі фракциясы	11 «Б»
6	Уразова Гульназ	Дебат қозғалысы және Жайдарман клубы фракциясы	11 «А»
7	Туралиева Дилара	Мәдениет және өнер фракциясы	10 «А»
8	Нугманова Данара	Тәрбие фракциясы	9 «Б»
9	Такилова Жадыра	Ақпарат фракциясы	10 «А»
10	Жақсылыкова Альбина	Экология және еңбек фракциясы	9 «Б»
11	Сарбулина Жасмин	Денсаулық сақтау фракциясы	9 «Б»

Көшбасшысы тек қана парламентті басқарып қоймай қоғамдық іс- шараларға белсене қатысты. Сонымен қатар мектепшілік оқушылардан жасақталған «қоғамға қызмет» еріктілерімен бірге бір қатар жұмыстар жүргізді.

Спорт және салауатты өмір салтын фракциясы жоспарға сәйкес 15 қараша – ұлттық теңгенің 30 жылдығына орай мектепшілік волейбол турнирін ұйымдастырды. Турнирге 8-11 кластар аралығындағы оқушылар қатысты. Турнирге қатысушылар 8 команда болды оның ішінде ата-аналар(әкелер),мұғалімдерде болды. Жарысқа қатысушыларға қатысқаны үшін әр командаға грамоталары берілді.



Мәдениет және өнер фракциясының министрі Туралиева Дилара оқу жылының бірінші жарты жылдығында «Жас сахна» театрына оқушыларды қабылдау үшін мектепшілік кастинг ұйымдастырды. Кастингке 5-11 кластарда оқитын оқушылар қатысты. Кастингке қатысқан оқушылар саны 20, оның ішінде кастингтен өткен оқушылар саны 15. Кастингке оқушылар өз өнерлерін көрсетті би,ән, көрініс, немесе монолог оқу сияқты қабілеттерін көрсетті. Кастинг қорытындысы бойынша жалдық жоспар құрылып әр айда театр өнері бойынша оқушыларға ақпарат беріліп отырылды. Екінші жарты жылдықта театр актерлері өз өнерлерін наурыз айында көрсетті. Жоспарға сәйкес 4 театрландырылған көрініс қойылды.



Экология және еңбек фракциясы бойынша оқушыларға 9 «Б» клас оқушысы Жақсылықова Альбина 5 «Б», 5 «В» класс оқушыларына «экология» тақырыбына және Жануарлар әлемі тақырыбына сыныптан тыс іс-шара өткізді.



Құқық және тәртіп фракциясы бойынша 9 «Б» класс оқушысы Белая Ксения 5 «Б»,

5 «В» класс оқушыларына құқық туралы түсініктеме беріп оқушылармен қосымша сұрақ жауап ретінде викториналық сұрақтар қойылды.



Оқушылардың демалысын тиімді өткізу мақсатында мектеп оқушыларын Ақтөбе қаласында орналасқан Ақтөбе ТВ теле арнасының бас ғимаратына саяхатқа барды. Саяғатты ұйымдастырған педагог ұйымдастырушылар және мектеп парламентінің премьер-министрі Ералина Аружан



Денсаулық сақтау фракциясы бойынша Сарбулина Жасмин «тазалық денсаулық кепілі» тақырыбында 5 «А», 5 «Б», 5 «В» кластарына тәрбие сағаттарын өткізді.

